

**"Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 28 мамырдағы № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 мамырда № 38821 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару қағидаларында:

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әлеуметтік еңбек саласындағы бірыңғай цифрлық жүйе - уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған цифрлық объектісі;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жалдаушы – тұрғынжайды жалдау шартындағы тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін пайдалануға алушы тарап;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) еңбек мобильділігі орталығы - жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) қандастарды қабылдау жөніндегі комиссия – этникалық қазақтардың қандас мәртебесін беруге, ал қоныстандыру өңірлерінде оған қосымша қандастарды

қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініштерін қарауға астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарымен құрылатын комиссия;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және интеграциялау қызметтерін көрсетуге және уақытша тұруға арналған заңды тұлға;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) мансап орталығы - еңбек мобильділігі орталығының аудандарда, астанада, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын филиалы;"

19) және 20) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"19) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган – астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарын айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

20) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия – облыстың ( астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жанындағы, халықты жұмыспен қамту, жұмыспен қамтудың және әлеуметтік көмектің өңірлік карталары бөлігінде облыстардың даму жоспарын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;"

31) және 32) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"31) Электрондық еңбек биржасы - Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуді, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуге жәрдемдесуді қамтамасыз ететін, іздеушілер мен жұмыс берушілерге арналған жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық тұғырнамасын білдіретін цифрлық объектісі;

32) "Цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік, аудандық (қалалық) комиссия облыс (астана, республикалық маңызы бар қала), аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің

әкімдерінің халықты жұмыспен қамту бөлігінде облыстың даму жоспарын, өңірлік жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек картасын іске асыру мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган елді мекендер тізбесін Электрондық еңбек биржасында, "Қоныс аудару" бөлімінде орналастыруды қамтамасыз етеді және еңбек мобильділігі орталықтарына, ауылдық округтердің әкімдіктеріне жібереді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Осы Қағидалардың 18, 49 және 76-1-тармақтарында көзделген жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару шаралары туралы мәліметтерді мансап орталықтары әлеуметтік-еңбек саласындағы бірыңғай цифрлық жүйеде және (немесе) Электрондық еңбек биржасында орналастырады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ерікті қоныс аударатын адамдарды мемлекеттік қолдау мыналарды:

1) жұмыскердің көшуі жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне көшуге, тұрғын үйді жалдау (жалға алу), коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар, сондай-ақ Қағидаларда айқындалған тәртіппен экономикалық мобильділік сертификаттары түрінде материалдық көмек беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй-жай берген жағдайларды қоспағанда, жатақханаларда қызметтік тұрғын үйлер немесе бөлмелер беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесуді;

5) жұмысқа орналасуға субсидиялар бере отырып, жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті қоныс аудару шараларына қатысатын жұмыс берушілерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Мансап орталықтары үш жұмыс күні ішінде цифрлық технологиялар және (немесе) желінің абоненттік құрылымы және "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш берушілерді хабардар етеді және оларға әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органы, сондай-ақ, қандастарды қабылдау комиссиясы қабылдаған шешімдердің көшірмелерін ұсынады, үміткерді жаңа тұрғылықты жерде қабылдауға дайын екендігі туралы хабардар етеді.";

34 және 35-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Мансап орталығы цифрлық технологиялар және (немесе) желінің абоненттік құрылымы арқылы жұмыс берушіні қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

35. Жұмыс беруші цифрлық технологиялар немесе желінің абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс іздеушіні шығу өңірінен жаңа тұрғылықты жерде қабылдау дайындығы және жайластыру және үй беру мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21173 болып тіркелді) бекітілген Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларына сәйкес жұмыс беруші қандастар және қоныс аударушылар қатарынан жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбек шарттары бойынша мәліметтерді "Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" АЦЖ-ға орналастыруды қамтамасыз етеді.";

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген материалдық көмек, қандастарды немесе қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастар мен қоныс аударушыларды, осы Қағидалардың 68, 70 және 72-тармақтарында көзделген жаңа тұрғылықты жерінде жұмыспен қамтудың әрбір кезеңі аяқталғаннан кейін, аталған тармақтарда белгіленген талаптар орындалған жағдайда кезең-кезеңімен төленеді.

Еңбек ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару шараларына қатысқанға дейін соңғы 36 ай бұрын некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдар азаматтық хал актілерін жазу кітабында некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы ұсынады.

Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес материалдық көмек алу үшін қандас немесе қоныс аударушы осы Қағидаларға 7 және 8 -қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті "www.migration.enbek.kz." порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады, өтінішке өтініш берушінің ЭЦҚ-мен қол қойылады немесе куәландырылады.

"Migration.enbek.kz" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы берілген өтініш жүгінген күні тіркеледі.

Осы Қағидаларға 7 және 8-қосымшада көзделген құжаттардың толық топтамасы берілген жағдайда қандас пен қоныс аударушының "жеке кабинетінде" материалдық көмек көрсету үшін өтінішті қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Осы Қағидалардың 73-1-тармағында көзделген негіздер болған кезде мансап орталығы құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Еңбек мобильділігі орталығы төлемді тағайындау туралы шешімді не материалдық көмек төлеуден бас тарту туралы шешімді портал арқылы қандастар мен қоныс аударушыларға "жеке кабинетке" жібереді.

Бұл ретте осы Қағидалардың 68, 70 және 72-тармақтарында көзделген талаптар тиісті материалдық көмекті алу құқығының туындау мерзімі ескеріле отырып қолданылады.";

67-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Экономикалық мобильділік сертификаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітілген ипотекалық бағдарламасы, және (немесе) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, оның ішінде Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылатын "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы, сондай-ақ қаржы институттарының ипотекалық кредиттеу құралдары мен тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі шеңберінде осы Қағидалардың 68 және 69-тармақтарында көзделген тәртіппен және шарттармен елді мекендерде тұрғын үйді сатып алу кезінде бастапқы жарнаны төлеу үшін ипотекалық тұрғын үй несиелері бойынша беріледі.";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Экономикалық мобильділік сертификатын алу үшін қандастар мен қоныс аударушылар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті портал арқылы мыналарды:

1) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган берген қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімді;

2) екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық тұрғын үй несиелері бойынша тұрғын үй сатып алу жағдайында қарызды беруді мақұлдауы;

3) екінші деңгейдегі банктегі тұрғын үй қарыз шарты бойынша екінші деңгейдегі банкте сатушының немесе қарыз алушының ағымдағы шоттарын;

4) сатып алынатын жылжымайтын мүліктің сатып алу-сату шартының және бағалау актісінің көшірмелері;

5) жаңа тұрғылықты жері бойынша заңнамаға сәйкес ол үшін кемінде қатарынан 12 (он екі) ай ішінде міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізіле отырып, еңбек қызметінің жүзеге асырылуын растайтын құжаттар.

Жеке басын куәландыратын құжаттар қандастар, қоныс аударушылар мен отбасы мүшелері қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгенге дейін өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде қоныстандыру өңірлерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтаманы, көрсетілетін қызметті алушының жаңа тұрғылықты жеріндегі олардың еңбек қызметін растайтын құжатты еңбек мобильділігі орталығы цифрлық жүйелерден алады.

Қызмет көрсетілген кезде көрсетілетін қандас немес қоныс аударушы заңмен қорғалатын құпия құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, бұл мәліметтер цифрлық жүйелерде сақталады.

Қандастар мен қоныс аударушылардан цифрлық жүйелерден алынған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Қандас немесе қоныс аударушының жылжымайтын мүлікті жұбайынан (зайыбынан) және өзінің жақын туыстарынан, сондай-ақ алушының (өтініш берушінің) жұбайының (зайыбының) жақын туыстарынан сатып алуына экономикалық мобильділік сертификатын пайдалануға жол берілмейді.

Экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып, меншікке ресімделген жылжымайтын мүлікті 5 (бес) жыл ішінде сатуға жол берілмейді.

Мансап орталықтары құжаттардың көшірмелерінің сапасын және олардың негізгі талаптар тізбесіне сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, қандастар немесе қоныс аударушылардың экономикалық мобильділік сертификатын беру туралы өтініштері мен құжаттарын тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ қандас немесе қоныс аударушы ұсынған экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісі бойынша құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы тұрғысынан және үш жұмыс күні ішінде салыстырып тексеруді жүзеге асырады, өтініш тіркелген күннен бастап қандастың немесе қоныс аударушының экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы өтінішін еңбек мобильділігі орталығына қарау үшін жібереді.

Экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісі туралы ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы тұрғысынан қосымша салыстыру мансап орталығы маманының мәміле объектісіне оны толық және мұқият тексеру үшін шығуын жүргізу туралы еңбек мобильділігі орталығының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мансап орталығы экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісін толық және мұқият қарап шыққаннан кейін фото және видео материалдармен қоса қорытынды ұсынады және оларды еңбек мобильділігі орталығына жібереді.

Бағалау туралы есепте белгіленген бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге де құнының дұрыстығына қатысты дау туындаған жағдайда, соның ішінде осы объект бойынша өзге бағалау туралы есебінің болуына байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау туралы есепке сараптама жүргізілуі мүмкін.

Бағалау туралы есепке қорытынды берген бағалаушылар палатасы мен осы есепке дау білдірген тұлғаның арасындағы даулар сот тәртібімен қаралады.

Сатып алынатын жылжымайтын мүліктің құнын бағалауға дау айту туралы талап арыз беру экономикалық мобильділік сертификатын төлеу туралы өтінішті қарау мерзімдерін тоқтата тұрады.

Еңбек мобильділігі орталығы өтініш қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны қарайды және осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушіге экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы шешім шығарады не осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша себептерін дәлелді негіздей отырып, оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ өтініш берушіні қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Мыналар:

1) өтініш берушінің осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс екенін анықтау;

3) жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастрының бірыңғай цифрлық жүйесіне алынған осы Қағидалардың 76-тармағында көзделген негіздердің болуы;

4) қандасқа немесе қоныс аударушыға мансап орталығы берген қоныс аударуға жолдамада көрсетілген межелі елді мекеннен тыс жерлерде тұрғын үй сатып алу;

5) тұрғын үйді сатып алу, егер аталған тұрғын үйді бұрын қоныс аударушы немесе қандас, немесе олардың отбасы мүшелері экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлем есебінен сатып алған жағдайда экономикалық мобильділік сертификатын беруден бас тартуға негіз болып табылады.";

70-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көшу шығыстарын өтеу үшін қандастар мен қоныс аударушылар осы Қағидалардың 66-тармағында көзделген тәртіппен отбасындағы мүшелердің уақытша еңбекке жарамсыздығын қоспағанда, өтініш пен өтініш берушінің және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшесінің жаңа тұрғылықты жері бойынша заңнамаға сәйкес ол үшін кемінде қатарынан 3 (үш) ай ішінде міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізіле отырып, еңбек қызметінің жүзеге асырылуын растайтын құжаттарды ұсынады.";

72-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия төлеу үшін қандастар немесе қоныс аударушылар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, өтінішке тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі мен отбасындағы мүшелердің уақытша еңбекке жарамсыздығын қоспағанда, өтініш берушінің және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшесінің жаңа тұрғылықты жері бойынша заңнамаға сәйкес ол үшін кемінде қатарынан 6 (алты) ай ішінде міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізіле отырып, еңбек қызметінің жүзеге асырылуын растайтын құжаттар қоса беріледі.";

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Материалдық көмек осы Қағидалардың 68, 70 және 72-тармақтарында көзделген шарттар сақталған кезде беріледі.

Экономикалық мобильділік сертификатын беруге өтініш тиісті қаржы жылы ішінде беріледі.

Материалдық көмек алу құқығын қалпына келтіру алты айлық мерзім өткеннен кейін үш ай ішінде берілген өтініш берушінің өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады.

Өтінішке көрсетілген алты ай мерзімде материалдық көмек төлеу туралы өтініш беруге кедергі келтірген өтініш берушіге тәуелді емес мән-жайлар көрсетілген құжат және (немесе) осы мән-жайлардың болуын растайтын құжат қоса беріледі.";

73-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73-1. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген материалдық көмек төлеуге өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың және (немесе) көшуге субсидиялар түріндегі материалдық көмек төлемдерін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күнге қолданылу мерзімі аяқталатын толық емес құжаттар топтамасын ұсынуы, жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуі тұрғын үй, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, сондай-ақ экономикалық мобильділік сертификаттары;

2) осы Қағидалардың 73-тармағында көзделген мерзімнің аяқталуы.";

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Тұрғын үйді сатып алуды (өтеп алуды) түпкілікті қаржыландыру құрылыс объектісін пайдалануға қабылдап алу актісі алынғанға дейін жүргізілмейді.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-1 және 3-2-қосымшалары осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 6-қосымшасы осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 7-қосымшасы осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 8-қосымшасы осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 11, 12, 13, 14-қосымшалары осы бұйрыққа 10, 11, 12, 13-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды;

4) осы бұйрықты облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық:

1) 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтарын;

2) 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының төртінші, бесінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма бірінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қыркыншы, қырық бірінші, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, жетпіс бесінші, тоқсан төртінші, тоқсан тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеге дейін осы бұйрықтың 1-тармағының алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші абзацтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Жеке басын куәландыратын құжаттар қандастар, қоныс аударушылар мен отбасы мүшелері қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгенге дейін өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде қоныстандыру

өңірлерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтаманы, көрсетілетін қызметті алушының жаңа тұрғылықты жеріндегі олардың еңбек қызметін растайтын құжатты еңбек мобильділігі орталығы ақпараттық жүйелерден алады.

Қызмет көрсетілген кезде көрсетілетін қандас немес қоныс аударушы заңмен қорғалатын құпия құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, бұл мәліметтер ақпараттық жүйелерде сақталады.

Қандастар мен қоныс аударушылардан ақпараттық жүйелерден алынған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді."

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

А. Ертаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2026 жылғы 28 мамырдағы  
№ 209 Бұйрыққа  
1-қосымша  
Жұмыс күшінің ұтқырлығын  
арттыру үшін адамдардың ерікті  
түрде қоныс аудару  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт**

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(жасалған орны)

20\_\_жылғы "\_\_  
"\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Еңбек мобильділігі орталығы" деп аталатын

(Еңбек мобильділігі орталығының атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) атынан

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

бір тараптан және бұдан әрі "Ерікті қоныс аударуға қатысушы" деп аталатын

---

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басты куәландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген), екінші тараптан төмендегілер туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасасты:

### **1-тарау. Келісімшарттың мәні**

1. Келісімшарт жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында жасалды.

2. Еңбек мобильділігі орталығының филиалы ретінде Мансап орталығы және Ерікті қоныс аударуға қатысушы Келісімшарттың тараптары ретінде қатысады.

Келісімшарт шеңберінде ерікті қоныс аударуға қатысушыға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады:

---

(мемлекеттік қолдау шараларын көрсету)

3. Келісімшарт Еңбек мобильділігі орталығы басшысының бұйрығы негізінде жасалды.

### **2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

4. Мансап орталығының:

1) Ерікті қоныс аударуға қатысушыдан материалдық көмек тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру үшін өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдауға;

2) тұрғын үй комиссиясының Ерікті қоныс аударуға қатысушыға тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру туралы шешімін қабылдауға;

3) ерікті қоныс аударуға қатысушымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалдау (жалға алу) шартын жасасуға;

4) материалдық көмек төлеу туралы шешім қабылдау және ерікті қоныс аударуға Қатысушының дербес шотына субсидиялар аудару үшін Еңбек мобильділігі орталығына жібереді;

5) Ерікті қоныс аударуға қатысушының тұрғын үйге, қызметтік тұрғын үйге (еңбекші жастарға арналған жатақханалардағы бөлмеге) қоныстануын қамтамасыз етуге ;

6) ерікті қоныс аударуға Қатысушыны жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркеуге жәрдемдесуге;

7) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген) бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларында келісілген жағдайларда Ерікті қоныс аударуға қатысушы отбасының кәмелеттік жасқа толған басқа мүшелерімен тұрғын үйді жалға алу шартын қайта жасауға құқығы бар.

#### 5. Мансап орталығы:

1) Жаңа тұрғылықты жерінде тұруды ұйымдастыруға жәрдемдесу, оның ішінде тұрғын үйдің қолжетімді нұсқалары туралы ақпарат беру, ерікті қоныс аударуға қатысушының тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуына, кәсіпкерлік қызметті дамытуға және кәсіби дағдыларды игеруге жәрдемдесуге;

2) Ерікті қоныс аударуға қатысушы мен жұмыс берушінің Келісімшартты орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

3) Тараптардың міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды тараптардан сұратуға және алуға;

4) келісімшарт талаптары орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған жағдайда тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмені) жалға алу шартын бұзуға;

5) жұмысқа орналастырудың жеке картасында ерікті қоныс аударуға қатысушының қоныс аударғаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді көрсетуге;

6) кәсіптік құзыреттерді бағалау, білім деңгейі негізінде айқындалған қажеттілік болған жағдайда және өңірлік еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, қандастарды техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарынан өтуін, оның ішінде кәсіпкерлікті дамыту курстарынан өтуін қамтамасыз ету.

#### 6. Ерікті қоныс аударуға қатысушының:

1) Мансап орталығына материалдық көмек тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) бөлу үшін өтініш пен қажетті құжаттар топтамасын тапсыруға;

2) шыққан жерінің Мансап орталығынан көшудің тәртібі, мерзімі және қабылдау шарттары туралы, оның ішінде тұрғын үймен, қызметтік тұрғын үймен (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмемен) қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпарат алуға;

3) Келісімшарт тараптарынан Келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

4) Келісімшартта көзделген мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар;

5) мансап орталығымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбек жастарына арналған жатақханалардағы бөлмелерді) жалға алу шартын жасасуға және оған белгіленген мерзімде қоныстануға;

6) әзірленген бизнес-жоспарға сәйкес дара кәсіпкер, заңды тұлға, жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде немесе шаруа немесе фермер қожалықтары нысанында міндетті түрде тіркей отырып, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

7) жұмыс беруші ұсынған тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға не кейіннен жұмысқа орналаса отырып, кәсіптік оқудан өтуге құқығы бар.

7. Ерікті қоныс аударуға қатысушы:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 267 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20192 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша Мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркелу;

2) коммуналдық және жалға алу ақысын уақтылы төлеуге;

3) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде тараптардың сұратуы бойынша ұсынуға;

4) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жүктелген міндеттемелерді адал атқаруға;

5) ерікті қоныс аударуға қатысушы мен оның отбасы мүшесінің Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерден тыс жерлерге өз еркімен ішкі көші-қон жағдайларында бес жыл ішінде толық көлемде мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы;

6) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген сәттен бастап бес жыл ішінде жаңа тұрғылықты жерінде отбасымен бірге тұру;

7) бейімдеу және интеграциялық қызметтерді алу;

8) Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын бұзбау;

9) еңбек қатынастарын ресімдей отырып жұмысқа орналасқан болу және/немесе жеке кәсіпкер ретінде ресми тіркелген болу;

10) мансап орталығы ерікті қоныс аударуға қатысушының кәсіби дағдыларын, білім деңгейін бағалау негізінде айқындаған қажеттілік болған жағдайда және өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша міндетті курстардан, оның ішінде кәсіпкерлікті дамыту курстарынан өту.

8. Ерікті қоныс аударуға қатысушы және оның отбасы мүшесі (мүшелері) алған мемлекеттік қолдау шараларын бюджетке қайтару вахталық әдіспен жұмысқа орналасу, әскери қызметке шақырылу, осы елді мекенде тұруға мүмкіндік бермейтін ауру, ерікті қоныс аударуға қатысушының және оның отбасы мүшесінің қоныстану өңірінен тыс жерлердегі оқу орындарында оқуы жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

9. Мансап орталығы мен Ерікті қоныс аударуға қатысушы осы Келісімшартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

10. Мансап орталығы мен Ерікті қоныс аударуға қатысушы осы Келісімшартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес қолданылады.

11. Осы Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Мансап орталығын және Ерікті қоныс аударуға қатысушыларды осы мерзімнің аяқталуына дейін болған бұзушылық үшін жауапкершіліктен босатпайды.

### **4-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары**

12. Мансап орталығы мен Ерікті қоныс аударуға қатысушы осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және апатты құбылыстар, әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

